

## Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Сергиополь ауылдық округі Сергиополь ауылының атын қайта атау туралы

Бірлескен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы N 158 қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі N 24/384-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 2 тамызда N 2453 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, "Аягөз ауданы Сергиополь ауылдық округі Сергиополь ауылының атын өзгерту туралы" мәслихаттың 2007 жылғы 13 ақпандағы N 01-02/32-12 бірлескен шешімі мен әкімдіктің 2007 жылғы 13 ақпандағы N 628 қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Сергиополь ауылдық округі Сергиополь ауылы М а м ы р с у ауылы б о л ы п ;

2) Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Сергиополь ауылдық округі Мамырсу ауылдық округі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім мен қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я

О б л ы с

төрағасы

әкімі

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы